

Қазақстан Республикасының зейнеткерлеріне біржолғы материалдық көмек көрсетуге арналған қаржының бөліну және жұмсалу тәртібі туралы Н Ұ С Қ А М А

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Халықтық әлеуметтік қорғау министрінің 1995 жылғы 2 тамыздағы N 33 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 8 қыркүйек тіркелді. Тіркеу N 91. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 13 қазандағы N 272-ө бұйрығымен (2005 жылғы 13 желтоқсандағы "Заң газетінде" N 168(792) жарияланған) .

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің "Заңға тәуелді актілерді жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қосымшаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір күші жойылған бұйрықтарының тізімі

...

2. "Қазақстан Республикасының зейнеткерлеріне бір жолғы материалдық көмек көрсетуге арналған қаржының бөліну және жұмсалу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау министрінің 1995 жылғы 2 тамыздағы N 33 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіндегі 1995 жылғы 8 қыркүйектегі 91 тіркелу нөмірі....

1. Жалпы ережелер

Біржолғы материалдық көмек халықты әлеуметтік қорғау органдарында есепте тұрған және солардан зейнетақы мен жәрдемақы алатын Қазақстан Республикасының жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне беріледі.

Біржолғы материалдық көмекті зейнеткердің зейнетақы, жәрдемақы алатын жеріндегі аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері, ал қажет болған жағдайларда (сол жерлерде қаражат болмаған, айтысты-тартысты жағдайларда) облыстардың, Алматы қаласының Халықты әлеуметтік қорғау басқармалары төлейді және өте сирек жағдайларда ғана Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау министрлігі береді.

Біржолғы материалдық көмек бір зейнеткерге жылына бір реттен артық берілмейді.

II. Қаржыландыру көздері мен қаржыларды бөлудің тәртібі

Біржолдық материалдық көмекке арналған қаржы республикалық бюджетте тарау бойынша "Зейнеткерлерді санаторий-курорттық емдеу және оларға материалдық көмек көрсету деген" деген &1 көзделеді.

Осы мақсатқа арналып бекітілген қаржылар облыстар мен Алматы қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармалары арасында бөлінеді, оның бір бөлігі Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қарамағында қалады.

Біржолғы материалдық көмек көрсетуге арналған қаржылар облыстар мен Алматы қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының есеп-шотына республикалық бюджеттен қаржыландыру мүмкіндігіне қарай аударылады.

III. Біржолғы материалдық көмек көрсетудің тәртібі

Біржолғы материалдық көмек зейнеткердің жазбаша өтінішінің негізінде беріледі, ол оны өзінің зейнетақы, жәрдемақы алатын жеріндегі аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөліміне өткізеді, олар оны қарап, материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеген акт негізінде оған материалдық көмек көрсету қажеттігі туралы мәселені шешеді. (Қосымшаны қараңыз).

Өтінішінің қаралғандығы туралы зейнеткерге бір ай мерзім ішінде жазбаша т ү р д е х а б а р л а н а д ы .

Аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері өте сирек жағдайларда ғана (өрт, су тасқыны; қатаң науқас т.б.) облыстық және Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары арқылы жоғарғы мөлшердегі ақшалай материалдық көмек көрсету туралы Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне өтініш жасай алады. Бұл жағдайда

зейнеткерлердің өтініш зерттеу актісімен және облыстық, Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының өтінішімен қоса Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберіледі.

IV. Біржолғы берілетін материалдық көмектің мөлшері

Зейнеткерлерге біржолғы материалдық көмек мынадай мөлшерде беріледі:

Министрлік коллегиясы - жасына байланысты ең төменгі төрт зейнетақы мөлшерінде ;

облыстық, Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының коллегиясы - жасына байланысты ең төменгі екі зейнетақы мөлшерінде;

аудандық, қалалық халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялары - жасына байланысты ең төменгі бір зейнетақы мөлшерінде.

V. Есепке алу мен есеп берудің тәртібі

Біржолғы материалдық көмек почта арқылы осы мақсатқа көзделген қаржы есебінен почтамен салу ақысы төленіп жіберіледі немесе аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінің, облыстық және Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының Қазақстан Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кассасынан беріледі.

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстық және Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары зейнеткерге көмек көрсету туралы тиісті қалалық, аудандық халықты әлеуметтік қорғау бөлімдеріне хабарлайды, соның негізінде N 2 форма бойынша есеп бетінде белгі соғылады .

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, облыстар мен Алматы қалалық халықты әлеуметтік қорғау басқармалары N 294 формадағы кредиттер (қаржылар) мен шығындардың есеп кітапшасында біржолғы материалдық көмек көрсету бойынша шығындардың есебін жүргізеді.

Біржолғы материалдық көмекке төленетін шығындар N 294 формадағы кредиттер (қаржылар) мен шығындардың есеп кітапшасы бойынша аналитикалық есептердің деректері негізінде жыл басынан бері өсіп келе жатқан қортындысын көрсетіп, мезгіл сайынғы және жылдық есеп беруде көрсетіліп отырады.

Ардагерлер мен мүгедектер Экономика және қаржыландыру
ісі жөніндегі басқарма басқармасы